

«Утверждаю»
Ректор АТУ
Т. К. Кулажанов

«__» _____ 2024 г.

**План мероприятия администрации АТУ
по выполнению и устранению предложений и замечаний обучающихся
по итогам встреч со студентами с 20 по 27 ноября 2024 года**

Факультет пищевых технологий. Встреча состоялась 25 ноября 2024 года					
№	Ф.И.О. студента	Курс	Содержание вопроса (проблемы)	Ответ руководителя СП	Срок и корректирующие действия
1	Алибек А.	3	Университетіміздің жаңадан салынып жатқан үшінші корпусында факультеттің белсенділері үшін арнайы аудитория қарастырыла ма?	Ердинбеков Б.С. – ӘШС проректоры: факультеттің белсенді студенттеріне қосымша аудитория арнайы бөлінетін болады.	Гимарат пайдалануға берілгеннен кейін белсенділер үшін аудитория бөлінеді
2	Нұрсұлтан А.	2	Өткен оқу жылында студенттер сабақ кестесін өздері құрған болатын. Пәндерді таңдауға мүмкіндік алдық. Бұл функцияны қайта іске қосу мүмкін бе?	Байболова Л.К. – АС проректоры: Иә, бұл функцияны екінші семестрден бастап қайтадан іске қосамыз. Студенттер кестені өздері таңдай алады. Бірақ бір маңызды нәрсені ескеру қажет: оқытушылардың сіздерден бөлек басқа да пәндері бар. Кейбір жағдайларда уақытты үйлестіру қиын болуы мүмкін. Сондықтан уақытты таңдағанда, сабақтарды түске дейінгі уақытқа қоюға тырысқандарыңыз дұрыс.	Пәндерді таңдау функциясын екінші семестрден бастап қайтадан іске қосамыз.
3	Ондасын Н.	3	Студенттердің жатақханада тұрудың жаңа ережесіне сәйкес, жатақхананың төлем	Батхолдин К.С. – ТЖ проректоры: жатақханалар туралы ережеге сәйкес, жатақхананың төлем ақысы қысқы сессияға дейін жүргізілуі керек. Дегенмен, біз	Студенттердің және олардың отбасыларының әлеуметтік-тұрмыстық

			ақысының қалған 50%-ын қысқы сессия басталғанға дейін төлеу қажет. Алайда, көптеген студенттердің төлем жасауға мүмкіндігі жоқ. Бұл мерзімді 15 қаңтарға дейін ұзартуға бола ма?	студенттердің және олардың отбасыларының жағдайын түсінеміз, сондықтан төлем мерзімін 20 қаңтарға дейін ұзартуды қарастырамыз.	жағдайын ескара отырып, төлем мерзімін 20 қаңтарға дейін ұзартуға рұқсат береміз.
4	Тимур М.	2-курс магистранты	Магистратураны оқу барысында басқа университеттерде стажировка өтуге мүмкіндік бар ма?	Алиев Б.А. – ҒЖИ проректоры: Иә, басқа университеттерде стажировканы өтуге болады, АТУ-ң сіз таңдаған университетпен келісілген меморандумы болған жағдайда. Оны нақтылау үшін, жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бөліміне барып қосымша ақпарат алуға болады.	АТУ-дың сіз таңдаған университетпен келісілген меморандумы болса, басқа университеттерде стажировканы өтуге болады
5	Меңлібекқызы Ә.	2	Біздер, №2 жатақхананың тұрғындарына, су ішетін кулер қойып берсеңіздер. Жатақхана жанындағы дүкенге бару қиын, күндіз сабақта боламыз, кулер жатақханада болса дейміз.	Ердинбеков Б.С. – ӘШС проректоры: Өкінішке орай, кулер орнату мүмкін емес. Бірақ су тазартуға арналған сүзгілерді (фильтрлер) қоюға тырысамыз.	Барлық жатақхананың ас дайындау бөлмесіне 2024-25 оқу жылының 2-академиялық кезеңінде су тазартуға арналған сүзгілер (фильтрлер) орнатамыз
6	Торыбай Г.	3	Жазғы және қысқы демалыстарда (каникул) жатақханада қалуға болады ма?	Батхолдин К.С. – ТЖ проректоры: Иә, жатақханаларға төлем 30 маусымға дейін жасалады, сондықтан осы уақытқа дейін жатақханада тұруға болады.	30 маусымға дейін дейін жатақханада тұруға болады.
7	Жолдасова А.	2	Біздің №2 жатақхана үлкен, студенттер көп, қосымша тоңазытқыштар қажет. Жатақханадағы тоңазытқыштар көлемі шағын және азық-түлікке үнемі толып тұрады. Сонымен қатар,	Ердинбеков Б.С. – ӘШС проректоры: Қосымша тоңазытқыштар қою көп электр қуатын қажет етеді, сондықтан бұл мәселені шешу қиын. Ал бір мұздатқышты қосымша орнатуға мүмкіндік бар, жатақханаға қойылады.	2025 жылдың 20 қаңтарына дейін 2 мұздатқыш қоямыз

			мұздатқыш камералары үлкен болса, жақсы болар еді.		
8	Отынбай Ә.	2	Біздің №5 жатақханаға қосымша кір жуғыш машина керек, себебі қазіргі уақытта тек үш кір жуғыш машина бар. Олар үнемі толы, кезекті ұзақ күтеміз, қосымша кір жуатын машиналарды сатып алуға мүмкіндіктеріңіз бар ма?	Ердинбеков Б.С. – ӘШС проректоры: Әрине, бұл мәселе шешіледі. Біз сіздерге қосымша кір жуғыш машина қоямыз.	2025 жылдың 20 қаңтарына дейін қосымша кір жуатын машина алып береміз
9	Аликова С.	2	Микробиология сабағында әр түрлі тәжірибелер өтіп, микроорганизмдермен жұмыс жасаймыз. Біздің лабораторияда қоректік орта мен химиялық реактивтер жоқ. Бұл мәселеге қатысты қандай да бір шешім қабылдана ма?	Абжанова Ш.А. – ТБ кафедрасының меңгерушісі: Химиялық реактивтер туралы бұрын да айтылған болатын, қазіргі таңда бізде реактивтер жоқ. Байболова Л.К. – АС проректоры: Жақын арада қажетті химиялық реактивтер мен қоректік орта сатып алынатын болады.	Қажетті химиялық реактивтер мен қоректік орта сатып алынды.
10	Култуш К.	4	В целях личной гигиены в мужской уборной, чтобы высушить руки после мытья не работают электросушилки. В корпусе 2 Б на 5 и 7 этажах и в корпусе 2А на 9 этаже. Почему?	Ердинбеков Б.С. –проректор по АХВ: В скором времени мы поменяем на новые электросушилки.	В 2-м академическом периоде 2024-24 учебного года поменяем все электросушилки
11	Абатқызы Д.	2	Егер студент мамыр айында Түркияға стажировкаға кетіп, жатақханаға мамыр және маусым айларына алдын ала төлем жасаған болса, онда осы екі ай үшін төленген ақшаны қайтаруға болады ма?	Батхолдин К.С. –ТЖ проректоры: Жатақханадан төленген ақшаны екі жағдайда қайтаруға болады, егер студент денсаулығына байланысты академиялық демалыс алса немесе жатақханада тұрғаны үшін артық төлем жасаса. Ал Түркияға қатысты мәселені қарастырайық, ақшаны қайтаруға болады деп ойлаймын.	АТУ- ТЖП-ӨТЕ -7.1.3-2024-01. «АТУ» АҚ студенттік жатақханалары туралы ереженің 11.2.1. бабына сәйкес академиялық ұтқырлықпен шетелдерге

					кететіндердің жатақханада тұрмаған айларының ақшасы қайтарылады
12	Дәулетжанқызы Қ.	2	Медициналық пунктте қосымша дәрі-дәрмектер мен тонометр жоқ. Біздер үшін осы қажетті заттарды медициналық пунктке қосымша әкелуге мүмкіндіктеріңіз бар ма?	Сыздықбаева С.С. – бедбике: Біздің медициналық пунктте қажетті алғашқы көмек дәрі-дәрмектері бар. Ал тонометр үнемі қолданысты бар, сіздер кез-келген уақытта оны пайдалана аласыздар.	Медициналық пункттерде қажетті алғашқы көмек дәрі-дәрмектері мен тонометрлер бар.
13	Назданов Ж.	2	Біздің №5 жатақханада 405 бөлме демалыс бөлмесі болып табылады. Қазіргі уақытта ол бөлме бос болып тұр, сондықтан жерге төсейтін кілем және проектор берсеңіздер. Бұл мәселе қалай шешілуі мүмкін?	Батхолдин К.С. – ТЖ проректоры: Әрине, бұл мәселе шешіледі. Сіздердің жатақхана меңгерушілеріңіз қажетті заттарға өтініш берсін. Кілемнің орнына пуфик алып берейік. Ал проекторды орнатуға болады.	2025 жылдың 20 қаңтарына дейін проектор орнатылады
14	Серикова А.	2	1. Қандай білім беру бағдарламалары бойынша студенттер Түркияға стажировкаға бара алады? 2. Қысқы сессия онлайн форматта өтеді ме?	Байболова Л.К. – АС проректоры: 1. Түркияға стажировкаға келесі білім беру бағдарламалары: ТОП, ТХ, ТММП, ТМРП және ТБ бойынша білім алатын студенттер бара алады. Ал Экология және ХТОВ БББ бойынша оқитын студенттерге Түркияға стажировкаға бару қарастырылмаған. Бірақ біз басқа мемлекеттерде стажировкаларды ұйымдастыруды қарастырып жатырмыз. 2. Алдағы қысқы сессия офлайн форматта өткізіледі.	Сұрақтарға кездесу барысында жауап берілді

15	Сұлтанғалиева Н.	4	1. Магистратурада қос дипломды білім беру бағдарламасы бар ма? 2. 4 курс студенттеріне магистратураға қабылдау бойынша кездесулер ұйымдастыру мүмкіндігі бар ма?	Алиев Б.А. – ҒЖИ проректоры: 1. Магистратурада қос білім беру бағдарламасы қарастырылмаған, бірақ басқа елдерде стажировка өту мүмкіндігі бар. 2. Алдағы уақытта 4 курс студенттерімен кездесу ұйымдастырылады. Магистратураға түсуге дайындық және қабылдау мәселелері талқыланатын болады.	2025-26 оқу жылында магистратурада қос дипломды білім беру бағдарламасы қарастырылып жатыр
16	Бақтықожа Ә.	3	Университет асханасында порцияның өте аз екенін және бағасының тым жоғары екенін айтып, шағым білдіріп отырмыз. Бұл мәселені қалай шешуге болады?	Ерденбеков Е., асхана меңгерушісі Әрбір тағамның өз граммовкасы мен шығымы бар, және асхана мәзірінде осы туралы ақпарат көрсетілген. Мәзірде тағамның көлемі, шығуы мен бағасы нақты көрсетілген. Егер аспаздар ұсынған тағамдар мәзірдегі граммовка мен көлемге сәйкес келмесе, студенттер бізге келіп, мәселені шешуге көмектесуді сұрай алады. Барлық бағалар алдын ала келісілген және мәзірде көрсетілген. Егер порцияға қатысты мәселе туындаса, студенттер оны асхана қызметкерлеріне дереу көрсетуі керек.	Көтерілген мәселе кездесу барысында шешімін тапты
17	Мәди С.	4	Екінші оқу корпусы суық, сабақта киіммен отыра алмаймыз, ыңғайсыз, бұл мәселені шешу үшін қандай да бір шаралар қолға алынады ма?	Ердинбеков Б.С. – ӘШС проректоры: Бұл ғимарат салынғанда, құбырлар дұрыс орналастырылмаған. Құбырлар бастапқыда қате орнатылғандықтан, кейбір жерлерде жылу дұрыс жұмыс істемейді. Бірақ біз бұл мәселені шешу үшін бар күшімізді салып жатырмыз.	2Б оқу ғимаратының 1-2 қабаттарына фанкойлдар орнатылды
18	Хайлауова М.	3	Университеттің электронды сайты “library ATU”-дан жарты жыл бұрын әдеби оқулықтарға тапсырыс бердім, бірақ кітаптар әлі келмеді.	Толекова Б.Т. – Ғылыми кітапхана директоры: Біз соңғы 5 жылда әдеби кітаптарды көбірек сатып алуға тырысып жатырмыз, сіз тапсырыс берген кітапты жақын арада сатып аламыз. Қараша мен желтоқсан айларында қосымша әдеби кітаптар	Сұрақтарға кездесу барысында жауап берілді

			Неліктен көп уақыт күту қажет?	сатып алынады. Сіздің сұраған кітабыңыз міндетті түрде осы тізімде болады, алаңдамаңыз.	
19	Айнадинова Ж.	3	Алдымен университет басшыларына студенттердің психологиялық денсаулығын сақтау мақсатында, білім беруді ұйымдастыруда қолайлы әлеуметтік-психологиялық жағдай жасап, 2Б оқу ғимаратында психологиялық қолдау қызметі кабинеті (107Б ауд) ашылғаны үшін студенттерінің атынан алғыс білдіреміз. Үшінші курста алтыншы семестрде және төртінші курс студенттеріне сыртқы және ішкі академиялық ұтқырлық бағдарламасы қарастырылған ба? Мен бардым, бірақ маған құжат қабылдау уақыты аяқталды деп, қайтарып жіберді.	Алиярова М.Б., ХҚЖАҰБ бастығы: Үшінші курс студенттері академиялық ұтқырлық бағдарламасына қатыса алады, бірақ төртінші курс студенттері қатыса алмайды. Қосымша сұрақтар бойынша Бас оқу ғимаратының 701-703 кабинетіне келуіңізге болады. Халықаралық қатынастар бөліміне келіңіз, біз дедлайнға қарамастан мәселені шешуге тырысамыз. Сізді басқа университеттерге академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша жіберу үшін барлық мүмкіндіктерді қарастырамыз. Байланыс деректеріңізді қалдырыңыз, біз сіздерге бағыт-бағдар береміз.	Сұраққа кездесу барысында жауап берілді
20	Сметқызы А.	3	У нас в университете и на факультете проходят очень много различных мероприятий. Это доставляет неудобство нашей учебе. Так как нужно готовится к мероприятию и на это уходит	Батхолдин К.С. –проректор по ВР: В моей педагогической практике я первый раз слышу об этом. Мероприятия проводятся согласно плану воспитательной работы, которые посвящены в большинстве случаях социальным вопросам как, финансовая грамотность, религия, кибербезопасность и т.д. Мы постараемся	Пожелание будет учтено при планировании ВР на 2025-2026 учебный год

			время. Возможно ли сократить их?	пересмотреть план воспитательной работы университета и примем во внимание ваш вопрос.	
21	Қамза А.	4	Біз қазір соңғы курста мемлекеттік грант бойынша оқып жатырмыз. Университетті бітіргеннен кейін мемлекеттік грантты жұмыспен қалай өтей аламыз және АТУ-ң мансап орталығы қызметкерлерімен кездесу ұйымдастырылады ма?	Байболова Л.К. – АС проректоры: Мемлекеттік білім беру гранты бойынша мемлекет есебінен оқыған бакалавриат түлектері, университетті бітіргеннен кейін өз мамандығы бойынша 3 жыл жұмыс істеуі тиіс. Түлектер меншік нысанына қарамастан кез келген ұйымдарда өтей алады. Ең бастысы, зейнетақы аударымдары болуы тиіс. АТУ-ң барлық білім беру бағдарламалары сұранысқа ие, сондықтан университетті бітіргеннен кейін жұмысқа орналасуда қиындық болмайды деп сенеміз. Жақын арада Қаржы орталығы міндетті түрде университеттің түлектерімен кездесу ұйымдастырады. Кездесу уақытын хабарлаймыз.	Сұраққа кездесу барысында жауап берілді
22	Дуйсебай А.	2	Кейбір оқытушылар барлығына жоғары баға қоймау керек деп айтады, сондықтан олар студенттердің бағаларын төмендетеді. Бұл қызыл диплом мен стипендия алуына әсер етеді ма? Осыған байланысты қандай да бір шешім бар ма?	Изтилеуов М.К., -тіркеу офисінің бастығы: стипендияны университет емес, қаржы орталығы төлейді, егер сізде нақты дәлелдер болса, бізге келіп, бұл мәселені айтсаңыз болады. Қай пән екенін, қай оқытушы екенің. Оқытушының міндеті — студенттердің барлық тапсырмаларын орындағаны үшін лайықты бағаларын қою. Егер студент барлық критерийлерді орындаса, ол өзіне лайықты бағасын алуы керек. Оқытушылардың бағаларды арнайы төмендетуі мүмкін емес.	Сұраққа кездесу барысында жауап берілді
23	Аман С.	1-курс доктранты	1. Ғылыми зерттеулер жүргізу кезінде басқа ғылыми институттармен ынтымақтастық орнату мүмкіндігі бар ма? 2. АТУ-ң Отбасы Банкпен келісім шарты бар ма?	Алиев Б.А. – ҒЖИ проректоры: 1. Біз бұл мәселені шешуге тырысамыз. Басқа ғылыми институттармен зерттеу жүргізу үшін ынтымақтастық орнатуды қалап, бізге нақты институтты айтсаңыз, егер келісімшарт бар болса, біз бұндай мүмкіндік жасауға дайынбыз.	Сұраққа кездесу барысында жауап берілді

			Университеттің докторанттары мен ғылыми қызметкерлері үшін, аталған банкпен ипотека бойынша келісімшарт немесе меморандум жасалған ба?	2. Жас ғалымдар үшін ипотека бойынша мәселеге келер болсақ, бұл сұрақ көтерілген болатын. Докторанттар мен ғылыми қызметкерлерге арналған ипотекалық бағдарламаны жүзеге асыру мақсатында нақты жауаптар алу үшін келесі жылы қосымша шаралар қабылдаймыз.	
24	Темірхан М.	1	Кейбір оқытушылар әділ бағаламайды. Олар кейде студенттердің бағасын әдейі төмендетеді. Мысалы, бір студент сабаққа келіп, тапсырманы орындап отырса, ал екінші студент сабаққа келмей, бірақ дәл сол бағаны алады.	Изтилеуов М.К.,-тіркеу офісінің бастығы: мұндай жағдай болмауы керек. Егер сіз оқытушының студенттің бағасын әділ қоймағанын байқасаңыз, міндетті түрде университет басшылығына хабарлаңыз. Бірақ студенттер сабаққа қатыспаса да, олар әр түрлі жағдайлармен онлайн оқу немесе қашықтан оқытуда болуы мүмкін. Оқытушыға тапсырмаларды Силлабус бойынша тапсыру үшін сабақтан тыс уақытта жұмыс жасауға болады. Әрбір оқытушы студенттердің бағасын әділ қойып, әділ бағалауы тиіс.	Сұраққа кездесу барысында жауап берілді
25	Авдихалых Д.	4	Сәлеметсіздер ме! Мен университет басшыларына алғысымды білдіргім келеді. Бізбен және студенттермен тұрақты түрде байланыс орнатып, жиналыстар өткізіп, мәселелерімізге назар аударып жатқандарыңыз үшін АТУ басшылығына №2 жатақхана студенттері атынан шын жүректен алғыс айтамыз. Біз көтерген сұрақтарды мүмкіндігінше шешуге тырысып, әрдайым қолдау көрсетіп келесіздер. Жатақханаларға тұрмыстық жағдай жасалып жатыр. Соның арқасында жылдан жылға жақсарып, заманауи әрі жайлы орынға айналып келеді. Қолдауларыңыз үшін үлкен рахмет!		
Факультет «Инжиниринг и информационные технологии». Встреча состоялась 27 ноября 2024 года					
№	Ф.И.О. студента	Курс	Содержание вопроса (проблемы)	Ответ руководителя СП	Сроки и корректирующие действия
1.	Пернебек Қ.	1	№3 ші жатақханада тұрамын, 2 қабатындағы бөлмелер суық, терезе мен балконнан суық келеді. 201 бөлмеде тұрамын.	Ерденбеков Б.С - ӘШС проректоры:бұрыштық мөлмелер суықтау,терезелерді өзгерткен едік түгел. Тағы бір қарап шығайық. Шешімін табуға тырысамыз.	201 бөлмені жылыту жұмыстары жүргізілді

2.	Алтынбек Н.	1	1 семестр академиялық ұтқырлықпен оқуға болады деп деканаттан хабарлама келді, бірақ Алматы қаласының басқа университеттері жоқ екен, оларды қосуға болады ма?	Алиярова М.Б. - академиялық ұтқырлық пен халықаралық қатынастар бөлімінің бастығы: басқа вуздармен сөйлесіп көрейік, негізі басқа мемлекеттер мен басқа қалаларға академиялық ұтқырлық бойынша барғыларыңыз келсе екінші семестрде наурыз айында конкурс болады, ол конкурс нәтижесінде келесі оқу жылында бірінші академиялық кезеңінде жіберіледі. Ол үшін орташа балл мен ағылшын тілін білу деңгейі болуы керек. Нурахметов Б.К. - бірінші проректор: академиялық ұтқырлықпен кетудің мақсаты оқып жатқан университетіңізде сіздің болашақ жұмысыңызға керек сабақты оқытпаса, оқыту қарастырылмаған болса, басқа университетте сондай сабақ қарастырылған болса сол университетке академиялық ұтқырлық бойынша баруға болады. Жайдан жай басқа университетті көру үшін барамыз деген болмайды.	Сұраққа кездесу барысында жауап берілді
3.	Исмуханбетов Б.	3	Бізде «Линейные системы автоматического управления» деген сабақ бар, ол сабақты 429-2Б кабинетте оқимыз, ол сабақтан бізде программамен жұмыс жасаймыз «MatLab» деген, ол компьютерлерді қосқанда сабақтың 15 минутындай уақыты кетеді. Тапсырмаларды жасап үлгермейміз. Сол бойынша не жасауға болады?	Орманбекова А.А -АиР кафедрасының меңгерушісі: себебі ол программаның лицензиясы жоқ, сондықтан ұзақ уақыт қосылады. Лицензиясын алуға ұсынысты маған дейінге кафедра меңгерушісі берген болатын, бірақ ол үлкен қаражатты талап етеді екен. Оргтехникаға да ұсыныс бердік. Сол оргтехникалар келген кезде пайдалануға берілгенде жылдамдық қосылатын шығар.	2024-2025 оқу жылының 2-семестрінде оргтехникалар қойылады.

4.	Исмуханбетов Б.	3	Университетте неше түрлі ұйымдар бар, сол ұйымдардың жарнамалары мен видеороликтерін шығаратын электронный табло қойылса, себебі әр іс-шараларға баннер шығару керек. Ол қаражат алады. Кейін ол жыртылып далада қалады.	Нурахметов Б.К. -бірінші проректор: бұрын бегущая строка болған. Электронный монитор қоюды қарастырайық, жақсы ұсыныс екен.	Электронды монитор қоюды жоспарлаймыз
5.	Айбекқызы А.	3	Дәретханаларда сабын болмайды. Ыстық су болады ма?	Ерденбеков Б.С.- ӘШС проректоры:дәретханаларда сабындар жетеді күнделікті толықтырып отырады. Ал ыстық суға келсек, ол университетті құрған кезде жоспарда болмаған.	Кездесу барысында жауап берілді
6.	Күнтубай А.	3	Өткен оқу жылында осындай кездесуде қойылған сұрақ еді, Херо стади жүйесін ауыстырамыз деп едіңіздер. Сол ауысады ма?	Нурахметов Б.К -бірінші проректор: ауыстырмайтын болдық, себебі біздің қойған талаптарды жасап жатыр. Өткен жолы жүйеде болған сбой, сол жаналықтарды енгізген соң болыпты. Енді дұрыс жасап тұрады. Қазір қазақстанның барлық вуздары сол жүйеге қосылып жатыр.	Кездесу барысында жауап берілді
7.	Ұзақбай Ж.	3	P1 мен P2 өте жақсы деген бағаға тапсырған студенттерге, қысқы емтихандарды ертерек, тапсыруға болады ма?	Байболова Л.К.-АС проректоры: кредиттік жүйе бойынша ол қарастырылмаған. Өте жақсы оқитын студенттер онсыз да шәкіртақыны үстемемен алады ғой. Басқа жеңілдік қарастырылмайды.	Кездесу барысында жауап берілді
8.	Нұрмашова С.	4	Дипломдық жұмыс тақырыптары, практика өтетін жер тулары ақпаратты қай жерден аламыз?	Акжолова А.И - КИ кафедрасының міндетін атқарушы: дипломдық жұмыс және практика бойынша жиналыс өткен болатын, қажет болса тағы өткіземіз.	Кездесу барысында жауап берілді
9.	Саят А.	4	ТМО мамандықтарының студенттеріне лаборатория және практика сабақтары 1 және 2 затждарда	Нурахметов Б.К. -бірінші проректор: аудиторияларды жылыту бойынша жазда барлық құбырлар ауыстырылған болатын.	

			аудиторияларда қысқы мезгілде отыру мүмкін емес, сырт киімімізбен әрең шыдап отырамыз. Ол аудиториялар туралы бірнеше жыл қатарынан осындай жиналыста айтылып жатыр. Жылымайтын болса басқа аудиторияға ауыстыруға болады ма сабақтар?	Ерденбеков Б.С. ӘШС проректоры: содан бөлек әр қабаттың коридорларына жылыту құрылғысын таңғы суық кезде 2-3 сағатқа қосып қоямыз. Изтилеуов М.К.-тіркеу бөлімінің бастығы: аудиторияларды ауыстыруды қарап көрейік, бірақ сабақтар арнайы жабдықтырылған аудиторияда өтуі керек., сіздердің айтып отырған аудиторияларыңыз арнайы жабдықтармен қамтамасыз етілген арнайы лаборатория мен практика өткізілетін аудиториялар.	Әр қабаттың коридорларына фанкойл жылыту құрылғысы орнатылды Кездесу барысында жауап берілді
10.	Нуржумаев А.	1	3-ші жатақхананың студ.советі едім, 3-ші жатақханада 1,2 қабаттарда ғана терезе жапқыш, (шторы) бар, қалған қабаттарға қойылмайды ма? Жатақханада 4 кір жуатын машина аз, тағы екеуін алуыды қарастырасыздар ма? Теннистный сол 3 қабаттар тұр, өте ескі, соны жаңартуға болады ма? Және әр қабаттың асханаларында холодильниктің мұздатқышы кішкентай еді, еттеріміз сыймай, иістеніп жатыр, екі мұздатқыш (морозильник) алуды қарастыруға болады. Су фильтр қойылады ма? Жатақхана болмаса жатақханаының жанына	Ерденбеков Б.С.- ӘШС проректоры: ұсыныстарыңызды қабылдадық, екінші оқу семестіріне орындауды қарастырамыз.	Осы оқу жылының 2-жартысында жатақханаға мұздатқыш, ас дайындау бөлмелеріне таза су сүзгілері, кір жуатын машиналар қойылады. Теннис столын алцды бюджеттік комиссияға ұсынамыз

11.	Танибергенов а А.	1	4-ші жатақхананың ФИиИТ студенттерін 3-ші жатақханаға ауыстыруға болады ма?	Батхолдин К.С. – ТЖ проректоры: ФИиИТтің ұлдарын 3 жатақханаға ауыстырудың басты себебі студенттер қоғамдық тәртіпті сақтамай, Айтиевадағы жатақхана жанында тұрған көршілер көп шағым түсірген болатын, төбелескен де сол ФИиИТ студенттері болатын, факультетіңіздің тәрбие жұмысы бойынша деканның орынбасары өткен оқу жылында Алмалы ауданының полиция бөліміне аптасына 2-3 рет баратын.	Орындалды
12.	Кадир Д.	3	Анель өз сұрағын дұрыс жеткізе алмаған сияқты, біздер активисттерміз, көбіміз іс-шараларға жатақханада дайындаламыз. Реквезиттер жасаймыз. Сол кезде бір жатақханада дайындалғымыз келеді. Себебі бір жатақханадан, екінші жатақханаға жету өздеріңіз білесіздер уақыт алады. Сол себептен ауысқанын 3-ші жатақхана тұрғындары да қалайды.	Батхолдин К.С. – ТЖ проректоры: Қ.С.:ФИиИТ те 2300 ге жуық студент оқиды, талап бойынша студенттерді біз жатақханамен қамтамасыз етуіміз керек, ФДТиО ээне ФЭиБ студенттер саны аз, олар өз жатақханаларын толтырмайды. ФПТ мен ФИиИТ студенттері көп, сондықтан сіздерге екі жатақханадан орын беріп отырмыз. Дұрыс түсініңіздер.	Орындалды
13.	Айтқан А.	1	Математикалық анализ сабағынан беретін ағайымыз, экзамен қабылдайды екен, және екінші семестр де сол кісі сабақ береді екен, сол кісіні ауыстырсак болады ма? Себебі оқу жылының басында бір рет көзіне түсіп қалып едім, енді бағаларымды төмен	Академиялық сұрақтар бойынша проректор Байболова Л.К.: мұғалімді ауыстыруға маңызды себеп болуы керек, өтініш жазыңыздар қарастырайық.	Орындалды

			қойып жүр. Жалғыз мен емес, группаластарым да ағайды ауыстырғанды қалайды		
14.	Бекмухамедов а А.	4	Жатақханада неге сағат 23-00 ден кейін жүруге болмайды және 4-ші жтақханада бар жоғы екі кір жуғыш машина жасайды. Бізге жетпейді.	Батхолдин К.С. – ТЖ проректоры: АТУ- ТЖП-ӘТЕ -7.1.3-2024-01. «АТУ» АҚ студенттік жатақханалары туралы ережеге сәйкес жылыту маусымы басталғаннан 15 сәуір аралығында жатақханаларда да сағат 22:00 ге дейін ғана кіру уақыты бекітілген. 23:00 ден кейін шулауға тиым салынған. Уақыттарыңызды дұрыс пайдалансаңыздар бәріне үлгересіздер. Ерденбеков Б.С.-ӘШС проректоры: кіршиналарды толықтырамыз.	Кездесу барысында жауап берілді
15.	Пернебек Қ.	1	Асханалардағы бағалар қымбат, шәкірт ақыларымыздың көп бөлігі сол жерге кетеді.	Акниязов Р – асхананы жалға алушы: асхананың бағаларын оқу жылының басында мониторинг жүргізілген. Бағаларымыз солармен салыстырғанда арзандау.	Кездесу барысында жауап берілді
16.	Белдиярова А.	3	Мониторингті біз Жастар Кеңісінің басшысы Саянұлы Санжар ағаймен жүргіздік, монтиринг жүргізілгенмен қазіргі магазиндегі бағалардың бағалары әлдеқайда арзан. Қоңырау кезінде студенттердің асханаға емес, даладағы магазинге жүгіретінінен байқауға болады. Порциясы аз.	Бірінші проректор Нурахметов Б.К.: асханадағы бағаларды түсіреміз, порцияларын көбейтеміз.	Асханаларды жалға алушыға тапсырма берілді
17.	Исатаева М.	1	4-ші жатақханада тұрамын, кір жуатын уақыт бізде аз, әр қабатқа бір күн бекітілген, енді сенбі жексенбі күндерін қосуға болады ма?	Ерденбеков Б.С. - ӘШС проректоры.: кіршина аптасын бір күн демалуы керек, сенбі күнде қосып берейік. Сеебі қанша дегенмен ол машина. үздіксіз жұмыс жасаса бұзылады.	Қосымша 2 кір жуатын машина қойылды

18.	Бекмухамедов а А.	4	Жатақхана ақшасын өткен оқу жылында қаңтар айында екінші семестрге келгенде төлеген едік, биыл қысқы сессияға дейін деп жатыр. Неге?	Батхолдин К.С. – ТЖ проректоры: жатақхана ережесі бойынша солай, қысқы емтиханға дейін төлеу керек. Қалған 50 пайызын студенттердің әлеуметтік-тұрмыстық жағдайын ескере отырып, 20 қаңтарға дейін төлеуді қарастырамыз.	Жатақханада тұру ақысының 50 пайызын студенттердің әлеуметтік-тұрмыстық жағдайын ескере отырып, 20 қаңтарға дейін төлеуге рұқсат берілді.
19.	Кадир Д.	3	Өзім үшінші курс студентімін, сабақтан бөлек студенттік өмірімізді қызық және есте қалдыратындай болуы үшін факультет атынан университет атынан неше түрлі іс-шараларға қатысып жүрген активистпіз. Сіздрдің алдарыңызда мұғалімдерге бір тілегіміз бар еді айтатын Активисттерге мұғалімдер оң көзімен қараса екен. Білеміз біздің басты мақсатымыз оқу, бірақ сол оқудан бөлек басқа да іс-шараларға қатысқымыз келеді. Сондай кездерде тапсырмаларымызды кеш қабылдаса екен.	Батхолдин К.С. – ТЖ проректоры: ұсынысыңыз орынды, алайда белсендіміз деп сабақтан кетіп қалатын студенттер бар, солардың кесірі сіздерге тиіп жатыр. Іс-шараларға қатысқандарыңыз дұрыс. Бәрі заңды болса, оқытушылар да түсіністікпен қарайды	Кездесу барысында жауап берілді
Ғылыми жұмыс бойынша проректор Б.А. Алиевке сөз берілді					
ИжАТФ студенттерімен күнде кездеспейміз, сол себепті мүмкіндікті пайдаланып, сіздерге хабарлама айтқым келіп отыр. Оқудан бөлек ғылымға көңіл бөліңіздер, магистратураға түсіңіздер. Сіздерге көп мүмкіншілік беріліп жатыр. Стартаптарға қатысыңыздар!					
Факультет Дизайн, технологии текстиля и одежды. Встреча состоялась 20 ноября 2024 года					

№	Ф.И.О. студента	Курс	Содержание вопроса (проблемы)	Ответ руководителя СП	Срок и корректирующие действия
1	Берікхан Т.	1	Әжетханалардағы қол кептіретін аппарат өте әлсіз жұмыс жасайды және жанында қол сүртетін салфеткалар тұрса екен.	Ердинбеков Б.С. – ӘШС проректоры: Қай этажда істемей тұр? Барлық этаж істеп тұрған болатын. Тағы қарап шығайық.	2024-25 оқу жылының 2-академиялық кезеңінде қол кептіретін аппараттарды ауыстырамыз
2	Сейтқасым А.	1	Бізге сабаққа ксерокс өте қажет. Тіпті дене шынықтыруға реферат шығартады. Біз ол үшін жолдың ар жағына барамыз.	Нурахметов Б.К. –бірінші проректор: Былыр осы сұрақ көтерілгенде біз ашқанбыз. Тағы сөйлесіп аштыруға тырысайық.	Бөлмені жалға алып, көшіргіш аппарат қоятын кәсіпкер іздеп жатырмыз
3	Мырзатай Р.	3	Асханада судың өзі 510 тг тұрады. Біз жұмыс жасаймыз мейлі, алайда бірінші курс студенттері үшін бұл өте қымбат. Пирожкилер да қымбат.	Саянұлы С. – ЖК бастығы: Біз жыл сайын айналамыздағы қоғамдық тамақтану орындары мен асханамыздың бағасына мониторинг жүргіземіз. Сонымен салыстырмалы түрде асханалардағы баға қымбат емес Акниязов Р – асхананы жалға алушы: Бізде асханада дүкендерге қарағанда закуп аз, сондықтан оларға скидкамен берсе бізге қымбаттау келеді. Тағы айта кететін нәрсе бізде оригинал фирмалардың сусындары олардың тағы оригинал емес түрлері болады. Чайдің өзі бірнеше фирмадан шығады. Әр фирманың бағасы әр түрлі. Акниязов Р – асхананы жалға алушы: Оптовкадан кейде арзан кейде қымбаттап келеді товар келген сайын соған қарай қойылады бағасы. Алайда бұл мәселе жайлы сөйлесемін.	Кездесу барысында жауап берілді
4	Құшанбек А.	3	Біз 8 этаждан чай тамақ алып 11 этажда отырып жейміз. Сол кезде жанымызға пол жуатын апайлар окошка болған кезде жанымызға келіп тамақ жеуге болмайды деп көп ескерту жасайды. Біз артымызды жинап кетеміз. Және	Нурахметов Б.К. – бірінші проректор: Жақсы айтамыз.	Кездесу барысында жауап берілді

			8 этажда отырып жейтін жер жасаса екен. Себебі асханаға өз тамғыңмен кіргізбейді		
5	Құшанбек А.	3	Херо Стади бойынша кірсек тағы шығып кете береді және қойылып тұрған бағаларымыз жойылып кете береді. Херо стадидің мобильный приложениесімен кірсең де сайтпен кірсең да шығып кете береді.	Изтилеуов М.К. – СҚКО директоры: Студенттерде сбой болып тұрады бұл мәселе бойынша бізге көп келе бермейді. Ондай болған жағдайда 4 этажда немесе эдвайзерлерге айтсаңыздар болады. Садыков М.К. – АТБ бастығы: Сіздің айтып отырған проблемаңыз басқа студенттерде да болса бізге келіп айтыңыздар.	Кездесу барысында жауап берілді
6	Жолдасбек С.	2	Көптеген кабинеттерде интерактивті тақта жұмыс жасамай қалады. Бізге жылжымалы тақталар қойып берсеңіздер.	Нурахметов Б.К. –первый проректор: Мы ежегодно стараемся обновлять технические оборудования. Сейчас мы покупаем передвижные экраны.	Кездесу барысында жауап берілді
7	Ізбасар Ұ.	2	Біз активист болайын десек көптеген оқытушылар бізге НБ қойып распоряжениеге қарамайды. Сосын бізде сабақпен үлгерім жағынан проблемалар басталады.	Саянұлы С. – ЖК бастығы: Мен сіздерге үнемі ондай мәселе шықса маған хабарласыңыздар деп айтамын. Маған әлі бір студент жазған емес. Бұл мәселені оқытушыларға жеткіземіз Нурахметов Б.К. – бірінші проректор: Біз белсенді студенттердә әрдайым қолдаймыз. Оған қам жеменіздер. Отработка жасаңыздар уақытында. Және бір жерге қатыссаңыздар алдын ала бәрін ескертіңіздер.	Кездесу барысында жауап берілді
8	Тасқараев Ж.	1	Үш лифтті да барлық этажда жүретіндей етіп іске қоссаңыздар. Себебі кейде 1 лифт істен шықса екінші лифтті ұзақ күтіп қаламыз. Ал 3 лифт жоғары этаждарға жүрмейді.	Нурахметов Б.К. – бірінші проректор; Әр лифтті біз әр этажда тоқтатсақ сіздер ұзақ күтіп қаласыздар. Ең оптималды жолы үш лифт үш түрлі жүруі. Үшінші лифт 3, 5 этажда жүреді.	Кездесу барысында жауап берілді
9	Макишева Д.	1	Можете ли вы выделить вудиторию для активистов. Потому что не всегда можем найти место где мы могли бы подготовиться.	Нурахметов Б.К. – Первый проректор; Бізде кіші және үлкен акт залы бар. 1108 аудитория бар. Саянұлы С. – ЖК бастығы: Бізде 7500 студент болса оның 5% активист және 14 клубымыз бар. Және соған байланысты осы айтылған	Дан ответ в ходе встречи

				залдар және 1108 аудитория бос болмай қалатын жағдайлар кездеседі	
10	Макишева Д.	1	В Херо Стади учителя загружают лекции но когда мы открываем они не отображаются.	Изтилеуов М.К. – начальник ОР: Если преподаватель не может загрузить материал, он должен совместно с учебно – методическим управлением решить данный вопрос.	Дан ответ в ходе встречи
11	Макишева Д.	1	Еще студенты задаются вопросом о материальной поддержке при проведении посвящения в студенты. Потому что мы сами собирали деньги на костюмы и оформление.	Саянұлы С. – ЖК бастығы: Әр факультет басшылықтан служебқа жазып қаржылай көмек сұрайды іс шара өткізуге. Бізге кейбір факультеттер жазады бізге 100 000 тг керек деп. Солай деканаттан жазылу керек. Нурахметов Б.К. – Первый проректор: Бахшасарайда өтетін посвящениеге көп қаражат жұмсалды. Аппаратура шақырылған әртістер костюмдер. Шамамен 10 млн дай қаражат жұмсалды.	Дан ответ в ходе встречи
12	Нурмухамбет Ә.	1	Лифтке байланысты сұрағым. Үшінші лифтке кірген сайын бұл для персонала деген әңгіме естимін. Сол шынымен де для персонала ма?	Нурахметов Б.К. – бірінші проректор: Жоқ. Ондай емес. Барлығы мініп жүрсе болады.	Кездесу барысында жауап берілді
13	Иргашева М.	3	Бізде үзіліс кезінде демалатын орындар жетіспейді. Кітапханада демалыс орындарында ұйықтасак сөз естіміз.	Бахыт Турсагуловна – ғылыми кітапхана директоры: Кітапхана сіздерге ұйықтау үшін арналмаған жан жағыңызға қарасаңыздар студенттер білім алып отыр. Библиотека среди ВУЗов является самой лучшей. Чтоб у вас было развито критическое мышление. Саянұлы С. – ЖК бастығы: Өткен жылы мен ректорға отчет берген болатынмын студенттерге демалатын орын қажет деп. Заявка бойынша демалатын орындар жасап берген болатын.	Кездесу барысында жауап берілді
14	Серикбаев М.	1	Сабақ басталған уақыттан мен спорт залда көп уақыт өткіземін. Айтқым кедген нәрсе доптары және басқа да жабдыктар өте ескіріп кеткен.	Нурахметов Б.К. – бірінші проректор: Заявка берілді барлық доп пен жабдыктарды жаңалаймыз.	Жаңа спорт жабдыктары алдынды

15	Құшанбек А.	3	Мен Жастар ИПК дебат клубының мүшесі боламын. Біз аптасына екі рет дайындыққа келеміз машинамен бірақ бізді охрана шлагбаумнан кіргізбейді. Біз кешке келеміз машиналар жоқ кезде екі сағат болып қайтамыз.	Нурахметов Б.К. – Первый проректор: Бізде парковкада орындар саны шектеулі әр машинаның өз орындары бар. Даже сырттан келіп жатқан оқытушыларымызға орындар жетпейді оларға да рұқсат берілмейді. Сондықтан дұрыс түсініздер.	
16	Шахатаева Ш.	1	Я хотела предложить и спросить можно ли сделать ремонт на всех этажах красиво как на 4 этаже. Второй вопрос наши ноги не помещаются в парты в 710 аудитории когда мы проходим английский и русский язык. Маленькая аудитория.	Нурахметов Б.К. – Первый проректор: В прошлом году мы начали ремонт на 4 этаже. Потом планируем 6 этаж и поэтапно будем продолжать дальше. Насчет парт мы рассмотрим.	Ответ дан в ходе встречи
17	Шахатаева Ш.	1	Еще я хотела спросить когда мы ходим на тренировки по волейболу там же занимаются мальчики по боксу. Места очень мало. Часто мячи попадают в боксеров. Потом возникает конфликт между нами. Можете ли выделить отдельное место для подготовки.	Нурахметов Б.К. – Первый проректор: Хорошо, мы рассмотрим данный вопрос.	До 20 января 2025 года вопрос боксерского ринга будет решен
18	Досымова А.	1	Моя группа спрашивает насчет куллеров, можно ли их поставить на этажах? Еще в некоторых аудиториях не работают розетки, их 5 - 6 штук стоит но 3 из них может не работать.	Нурахметов Б.К. – Первый проректор: Данный вопрос поднимался и в прошлом году. Хорошо, мы рассмотрим данный вопрос. Насчет розеток энергетики проверяют на этажах. Не думайте, что это остнается без контроля.	В 2-м академическом периоде 2024-25 учебного года в учебных корпусах установим фильтры для очистки питьевой воды
19	Ерхан Ж.	2	Мой вопрос насчет вай фая в аудиториях. В университете не на всех этажах ловит вай вай. У нас преподаватель вынуждена записывать на бумажке и	Садыков М.К. – начальник УИТ: В прошлом году мы провели проводной интернет во все аудитории. В прошлом году провели вай фай в №3 общежитии, в этом году планируем №5 общежитие. В следующем дойдем до вас. Все в конечном итоге зависит	Ответ дан в ходе встречи

			выставлять это в другом месте по предмету «Рисунок» и в №4 общежитии ситуация такая же.	от бюджета. Еще скорость снижается в зависимости от трафика, все студенты сидят в тик токе, инстаграме, ю тубе. Не используют для обучения. Оттуда и идет снижение скорости. Нурахметов Б.К. – Первый проректор: По университету проводятся комплексные работы по улучшению интернет связи на всех этажах в университете и в общежитиях. Устанавливаются дополнительные видеокамеры на этажах, аудиториях. До конца текущего учебного года мы решим данный вопрос.	
20	Берікхан Т.	1	Менікі сұрақ емес менің естуім бойынша и ата анам айтады Дизайн мамандығын бітіріп шыққаннан кейін бағың ашылмайды жұмыс таба алмайсың деп. Соған орай университет тарапынан қандай көмек бар студенттерге жұмысқа орналастыру немесе ақыл айтып, жігерлендіру 1 курстан бастап ертең бір жерді тесіп шығатындай.	Нурахметов Б.К. – бірінші проректор: Сіздің факультетті бітіріп Қазақстан және әлем деңгейінде танылған адамдар, олай айтқаныңыз дұрыс емес. Байболова Л.К. – АС проректоры: Вы наверное подписаны на наш Instagram, Facebook, Telegram канал. Ваш факультет единственный, который проводит полноценные курсы Айгуль Касымовой, множество раз приглашает известных дизайнеров для проведения гостевых лекции, недавно приходила Газиза было потрачено 3000\$ на ее приглашение. Ни на одном факультете не приходят такие мировые специалисты. У Айгуль Касымовой работают наши выпускники, если среди вас есть таланты забирают руками, ногами. Если студент хочет отчислиться проводит беседу куратор, зам.деканы, деканы этого недостаточно?! Это уже поддержка.	Ответ дан в ходе встречи
21	Іскендір Р.	1	Жатақханада кір жуатын машиналар жетіспейді. Себебі қыз көп.	Ердинбеков Б.С. – ӘШС проректоры: Бізде екеуі тұр. Келесі апта тағы екеуі алынады. Сонымен төрт болады. Қыздар киімдерін алып келіп екі сағат жуады. Сондықтан үлгермейсіздер. График бар.	Қосымша 2 кір жуатын машина алынды
22	Ізбасар Ұ.	2	«КазМедте» тек бас ауратын дәрі мен тамақ ауыратын дәрі береді. Басқа аурулармен басқа поликлиникаларға жібереді.	Нурахметов Б.К. – бірінші проректор: Біздің медициналық қызмет көрсетуше тек ОСМС ке кіретін қызметтерді ғана атқарады. Біз қарастырамыз.	Кездесу барысында жауап берілді

			Группадағы қыз тісі ауырып барған еді, тіпті направление бермеген. Платный поликлиникаға бар деген. Онда біз не үшін КазМЕде тіркелдік?!		
23	Нуртаева Д.	1	Можно ли обеспечить музыкальный клуб отдельной аудиторией ?	Утемисов С: – художественный руководитель: Насчет музыкального оборудования мы составляем договор совместно с юристами. Будут музыкальные клавиши.	Ответ дан в ходе встречи
24	Тайжан Д.	1	Жатақхана қауіпсіздігін қолға алсаңыздар. Себебі жатақхана ауласында бір ер адам жүреді. Түнде терезеге қарап қол былғап тұрады. Және жатақхана аумағында қыздардың белден төмен жерін ұстаған кездер да болған. Жатақхана үйлер арасында. Айналасы қараңғы. Алдында камера жоқ.	Саянұлы С. – ЖК бастығы: Бұл мәселе бізге екі апта бұрын жетті. Біз бұл мәселені шештік уайымдамасаңыздар болады.	Бейне камера, дүрбелең түймесі орнатылды
25	Берікхан Т.	1	Менің естуім бойынша дене шынықтыру ағайы перегармен келген. Сіздер айтасыздар студенттер қауіпсіздігін қамтамасыз етеміз деп. Алайда неге осындай жағдайды қадағаламайсыздар? Бұл деген сұмдық қой. Эльшат Хасмуханович есімі. Мен ол күні сабаққа бара алмадым. Бірақ қыздар перегармен келгенін сезді және қара пакет алып келген сыңғырлатып. Ол уже бәрімізге понятно не болуы мүмкін екенін.	Нурахметов Б.К. – бірінші проректор: Жақсы, қарастырамыз	Тәртіп бұзған оқытушы жұмыстан шығарылды

Факультет экономики и бизнеса. Встреча состоялась 21 ноября 2024 года					
№	Ф.И.О. студента	Курс	Содержание вопроса (проблемы)	Ответ руководителя СП	Срок и корректирующие действия
1	Породикова О.	2	Насчёт общежития, можно внести изменения в режим посещения гостей в общежитии не на час максимум, а сделать дольше, так как бывает окно между парами и приходится иногда ждать больше часа? Наш копицентр не работает, когда бы мы не пришли, дверь, на которой написано копицентр закрыта	Саянұлы С. – руководитель СМ: Подойдите после собрания и я Вам объясню, в целом нахождение гостей разрешено при условии, что они оставляют свои удостоверения личности на вахте. Нурахметов Б.К., первый проректор Ведется работа над возобновлением работы копицентра. Так как в последнее время копицентр не пользовался спросом, мы вынуждены были приостановить его работу. Этот вопрос на контроле у проректора по АХЧ Ердинбекова Б.С.	Ответ дан в ходе встречи
2	Туремуратов К.	1	1. Зимняя сессия будет проводиться онлайн или офлайн? 2. В общежитии работает только 3 стиральные машины из 6, когда нам починят остальные, так как на всех студентов 3 стиральных машин не хватает?	Байболова Л.К., проректор по АВ: Сессия будет проходить в традиционном офлайн формате. Ердинбеков Б.С.- проректор по АХВ: Мы планируем сделать обход по общежитиям, непригодные стиральные машины по необходимостиотремонтируем	1. Дан ответ 2. В результате обхода по общежитиям будет сделан мониторинг, непригодные стиральные машины по необходимости будутотремонтированы
3	Жардемов А.	2	Почему секция по баскетболу осуществляет свою деятельность только во втором корпусе на Фурката, студентам было бы удобно играть в баскетбол в спортзале Главного учебного корпуса. К	Нурахметов Б.К., первый проректор: Кафедра физкультуры планировала занятия секции по баскетболу в первом семестре, но не получилось. Во втором семестре мы постараемся активизировать работу не только секции по баскетболу, но и по другим видам спорта в Главном корпусе.	Ответ дан в ходе встречи

			тому же во втором корпусе стоит боксерский ринг, который приносит некоторые неудобства в ходе игры.		
4	Токышев Б.	1	Факультеттің белсенді студенттеріне оқу жағынан қандай жеңілдіктер қарастырылған?	Нурахметов Б.К. -бірінші проректор: Факультет белсенділері үшін, тізімі деканаттан берілетін студенттерге, оқу жылының соңында қосымша балл қарастырылған. Бұл тек оқу жылы бойы белсенді жұмыс көрсеткен студенттерге арналған. Абдраимова Д.Б. – ЭЖБФ деканы: Белсенді студенттерге сабақтан босату туралы бұйрық беріледі, оны кейін өтеу құқығымен. Егер белсенділер іс-шараға қатысып, сабаққа келмей қалған жағдайда, олар бұл бұйрықты оқытушыға көрсетіп, өтеу жұмысын тапсыру үшін ыңғайлы уақытты таңдай алады. Басқа жағдайларда белсенді студенттер деканатқа жүгінеді, және біз сол жерде оқу процесіне қатысты туындаған мәселелерді шешеміз.	Жауап берілді
5	Худайбердиева Ш.	2	Әжетханаларға ыстық су жүргізіп, сондай-ақ дәретхана қағазы, сабын және ауаны тазартқыш секілді қолайлы жағдайлар жасауға болады ма және қол кептіргіштердің қуаттырақ түрлерін орнату	Нурахметов Б.К. -бірінші проректор: Бұл туралы жұмыс жүргізіліп жатыр	Жауап берілді
6	Касимова К.	2	4, 6 және 11 қабаттарында Wi-Fi нашар ұстайды. Бізде практикалық сабақтар өтеді, оларда біз презентацияларды көрсетеміз немесе Kahoot	Садыков М.К. – АТБ бастығы: Біз әр қабатта интернет байланысының жылдамдығын талдау жүргізуді шештік, нәтижесінде барлық ақаулар жойылатын болады	Жауап берілді

			онлайн қосымшасы арқылы тестілеуден өтеміз, сондықтан бізге жылдам интернет байланысы қажет. Алайда, осы қабаттарда Wi-Fi әлсіз болғандықтан, деректерді жүктеу шамамен 20 минутқа дейін созылады.		
7	Халыков Н.	3	Неге біздің лекциямыздың және практикамыздың бағалары соңғы бағаға әсер етпейді?	Изтилеуов М.К. – СҚКО директоры: Бізде студенттердің оқу нәтижелерін бағалау туралы бекітілген ереже бар, оған сәйкес әрбір оқытушы силлабус әзірлейді, онда теориялық оқыту, сабаққа қатысу, әрбір СРО мен СРС және рейтинг үшін қанша балл қойылатыны көрсетіледі. Бұл барлық аспектілер силлабустарда жазылған. Барлық Қазақстан жоғары оқу орындары студенттердің білімін бағалаудың осы жүйесі бойынша жұмыс істейді, мұнда студенттің 60 пайыздық баллы семестр бойынша, ал 40 пайызы емтихан кезінде жинақталады	Жауап берілді
8	Гиззатулин Ш.	1	Я хожу на курсы Coursera и они проходят во втором корпусе на Фурката, но это не совсем удобно. Можно ли сделать так, чтобы курсы проходили в Главном учебном корпусе?	Байболова Л.К. – проректор по АВ Если есть такая необходимость, то мы будем приглашать наших коллег и составим график проведения занятий и будем проводить в главном учебном корпусе.	Составлен график проведения занятий в главном учебном корпусе.
9	Иген М.	2	- Мы с активистами хотели бы чтобы у нас был танцевальный кружок мы бы развивали танцы как хобби. Если есть такая возможность	Утемисов С. – руководитель ЦТМ Хорошо, мы с Вами подберем время и обсудим детали после собрания.	Вопрос решен в ходе встречи

			предоставить актовый зал 2 раза в неделю 2 часа		
10	Худайбердиева Ш.	3	Почему в библиотеку не пускают без ID карты? Бывает, что у студентов не всегда с собой есть карта, можно ли найти альтернативу и проходить по Онай карте или сделать вход так же как в университет по Face ID	Толекова Б.Т. - директор Научной библиотеки АТУ: Для регистрации посещения и учета литературы в библиотеке есть автоматизированная библиотечная система для которой требуются данные с ID карты. В будущем, мы планируем интеграцию с Face ID, это не быстрый процесс, но до этого времени студенты будут вынуждены пользоваться ID картой для входа в библиотеку.	Планируется интеграция с Face ID, это не быстрый процесс, но до этого времени студенты будут вынуждены пользоваться ID картой для входа в библиотеку.